

«Азаматтардың денсаулығын сақтау мәселелері бойынша сектораралық және ведомствоаралық өзара іс-қимылды іске асыруға 2015 жылға қаражат бөлу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 19 наурыздағы № 149 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 1065 қаулысы
2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Азаматтардың денсаулығын сақтау мәселелері бойынша сектораралық және ведомствоаралық өзара іс-қимылды іске асыруға 2015 жылға қаражат бөлу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 19 наурыздағы № 149 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2015 ж., № 14, 84-құжат) мынадай өзгеріс е н г і з і л с і н :

көрсетілген қаулыға қосымша осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда ж а з ы л с ы н .

2. Осы қаулы 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К.Мәсімов*
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 1 5 ж ы л ғ ы 2 5 ж е л т о қ с а н д а ғ ы
№ 1 0 6 5 қ а у л ы с ы н а
қ о с ы м ш а

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 1 5 ж ы л ғ ы 1 9 н а у р ы з д а ғ ы
№ 1 4 9 қ а у л ы с ы н а
қ о с ы м ш а

Азаматтардың денсаулығын сақтау мәселелері бойынша сектораралық және ведомствоаралық өзара іс-қимылды іске асыруға 2015 жылға қаражат бөлу

Р/с №	Іс-шаралардың атауы	Жауапты мемлекеттік органдар	Сوما, мың теңге
1	2	3	4

5.1.1-мақсат. Қауіпті мінез-құлық факторларын бақылау профилактикасы және оны күшейтуге кешендік ұстаным арқылы саламатты өмір салтын қалыптастыру

1	Бұқаралық спорт түрлері бойынша жыл сайын салалық спартакиадалар ұйымдастыру және өткізу	МСМ	57 196
2	Республикалық деңгейде денсаулық сақтау саласын дамыту мәселелеріне арналған мемлекеттік және орыс тілдерінде 2011 – 2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік телевизиялық бағдарламасын жасау	ИДМ	64 500

5.1.2-мақсат. Халықтың дұрыс тамақтануын қамтамасыз ету және тамақтануға байланысты аурулардың профилактикасы

3	Дұрыс тамақтану мәселелері бойынша ақпараттық-насихаттау науқанын жүргізу	ДСӘДМ	12 600
4	Халықтың дұрыс тамақтану дағдыларын және тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін қалыптастыру	ДСӘДМ	49 917
5	Дұрыс тамақтану мәселелері бойынша бейне және аудиороликтер шығару	ИДМ	2 220

5.1.4-мақсат. Жол-көлік жарақаттанушылығы және одан болатын өлімді төмендету

6	Жол қауіпсіздігі проблемалары бойынша қоғамдық пікірге мониторинг жүргізу	ИМ	1 669
7	Жол қозғалысы қауіпсіздігі мәселелері бойынша әлеуметтік роликтер дайындау және орталық, республикалық телеарналарда олардың прокатын қамтамасыз ету	ИМ	24 720
8	Жол қозғалысы қауіпсіздігінің өзекті мәселелері бойынша республикалық телеарнада мамандандырылған бағдарлама әзірлеу	ИМ	16 700
9	Жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету проблемалары бойынша буклеттер, ақпараттық материалдар шығару	ИМ	6 650

5.1.5-мақсат. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде зардап шеккендер арасындағы қайтымсыз шығындарды төмендету

10	Трассада шұғыл медициналық-құтқару көмегін көрсету бойынша 40 трассалық пункттің жұмыс істеуі	ИМ	787 373
11	Санитариялық тікұшақтарды пайдалануды қамтамасыз ету үшін 2 ангар сатып алу	ИМ	57 848

5.1.6-мақсат. Пенитенциарлық жүйеде туберкулезбен және АИТВ/ЖИТС-пен сырқаттанушылықтың және одан болатын өлім деңгейін төмендету

12	АИТВ/ЖИТС мәселелері бойынша жұмыс істейтін ҮЕҰ әлеуетін арттыру, мемлекеттік және үкіметтік емес ұйымдар арасындағы өзара іс-қимылды нығайту	ДСӘДМ	1 425
13	Қамауда ұстау орындарында АИТВ инфекциясының профилактикасы бағдарламасын іске асыру және бас бостандығынан айыру орындарынан босатылатын адамдарға әлеуметтік қолдау көрсету бағдарламаларын	ДСӘДМ	32 724
		оның ішінде:	
		Ақмола облысы	2 709
		Ақтөбе облысы	1 921
		Алматы облысы	2 544
		Атырау облысы	506
		Шығыс Қазақстан облысы	4 145
Жамбыл облысы	2 661		

енгізу. Бас бостандығынан айыру орындарында АИТВ/ЖИТС-ке қарсы күрес үшін ҮЕҰ әлеуетін дамыту*	Батыс Қазақстан облысы	1 205
	Қарағанды облысы	4 279
	Қостанай облысы	2 581
	Қызылорда облысы	907
	Маңғыстау облысы	1 315
	Павлодар облысы	1 500
	Солтүстік Қазақстан облысы	2 160
	Оңтүстік Қазақстан облысы	1 359
	Алматы қаласы	894
	Астана қаласы	2 038
Барлығы		1 115 542

Е с к е р т п е :

* Бас бостандығынан айыру орындарындағы адамдар мен одан босап шыққан адамдар арасында АИТВ инфекциясының профилактикасы жөніндегі іс-шараларды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуды облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті уәкілетті денсаулық сақтау органдары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

ІІМ - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі

ДСӘДМ - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі

МСМ - Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі

ҰЭМ – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі

ИДМ – Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі
ҮЕҰ - үкіметтік емес ұйымдар